



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : Милы бастауыш білім беретін мектебі , «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: кіші

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.05 - 31.05.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру;	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сукқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына қолдарын қойғанын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалық	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, қолмен көрсетуді, заттың атын атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға

	қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	гүлдегенін байқату.	жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамауының себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	сақтаудың қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалды ілетін орынды және суретін көрсету.	ынталандыру, мақтау.
	Қоршаған ортамен таныстырудың ойын-жаттығуы "Құмның қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балаларды құмның қасиеттерімен: көзбен көру, алақанға алу, себелету, алақанға қысу тәсілдері және ойындарға қатысу арқылы таныстыру; жаз мезгілі кезінде денсаулыққа пайдалы мүмкіндіктер туралы түсінік беру.	Құрастырудан ойын-жаттығуы "Біздің көше". Мақсат-міндеттер. Балаларды әртүрлі үйлердің, мұнаралар, қақпа, қоршау сияқты құрылыс үлгілерінің бірін жасап шығаруға үйрету; педагогтің тәсілдеріне және үлгіге қарап жасау қабілетін арттыру; өз құрылыс нәтижесін іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен зейінін, ақыл-ойы мен байқағыштығын	Сурет салудан ойын-жаттығуы "Алуан түсті алақан". Мақсат-міндеттер. Балалардың әрқайсысының әртүрлі түстегі қою бояуға малынған алақанын барлық қағаз бетіне басып шығаруға қызығушылықтарын тудыру және үйрету; дайын ұжымдық жұмысты тамашалауда эмоциялық сезімдерге бөленуге жағдай туғызу. Балалардың бейнелеу оқу қызметінің қосалқы түріне қызығушылықтарын арттыру; көзбен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; сурет салудың қосалқы түрінің негіздерін қалыптастыру.	"Айна" ойыны. Мақсат-міндеттер: зейінді, есте сақтауды және байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту. 4-6 баладан тұратын топша сапқа тұрады. Қалғандары - көрермендер. Педагог балалардың алдында тұрып, 3-5 пішінді көрсетеді. Ол әр пішінді бірнеше рет қайталайды. Балалар педагогтың барлық қимылдарын мұқият қадағалап, қайталайды. Содан кейін келесі бір топ балалар ойнайды. (сөйлеуді дамыту)	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Көмекшілер көп менде, Күнде еңбектенеді. Тыным таппай күніге, Маған көмектеседі. Бір, екі, үш, төрт, бес, Демалайық, отыр тез. Әрлі - берлі қозғалды, Тырсылдатты жан - жақты. Бір, екі, үш, төрт, бес, Жұмысқа кіріс тез. (сөйлеуді дамыту)

		дамыту.			
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою; 1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу; 2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады. 3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру. (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Жазды қарсы алайық, Аулаға шығайық, Бір-бірімізді қолпаштап, Дос болайық. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)				
Білім беру	Жазғы демалыс.	Жазғы демалыс.	Жазғы демалыс.	Жазғы демалыс.	Жазғы демалыс.

ұйымының кестесі					
бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Ауладағы құстарды бақылау. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету. - Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө.Тұрманжанов Еңбекке баулу	Көбелекті (қоңызды) бақылау. Балаларды жәндіктердің (көбелектің, қоңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру. Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде.	Күмды бақылау. Балаларға құрғақ күмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл күмның белгілі денеге айланатынын көрсету; күмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату. - Дымқыл күм сазбалшықтай. Қолға алмайсың қалай? Қолға алса, домалатса Болады күм бауырсақтай. Еңбекке баулу тапсырмалары:	Табиғат жағдайын бақылау. Мақсаты: жазғы табиғаттың жай-күйі туралы түсінік қалыптастыру (жылы, жасыл шөптер, гүлдер, көбелектер, қоңыздар ұшады, балалар жеңіл киініп, күммен және сумен ойнайды). Табиғатпен қарым-қатынас қуанышын сезіну, сөздік қорын байыту және белсендіру. Өте ашық және жылы, Жарқын, алтын күнде біз. Жаз бен Күнге алтын	Ағаштарды бақылау. Мақсаты: балаларды қылқан жапырақты ағаштар мен жапырақты ағаштардың айырмашылықтары мен ұқсастығын көруге үйрету. "Бір, екі, үш - шыршаға қарай ұш!" дидактикалық ойыны Мақсаты: ағаштарды ажырата білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы.

	тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер	балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру. - Босқа біз тұрмайық, Құлыншақ болайық, Аяқтармен соқ-соқ. Секіреміз тоқ-тоқ. Оң жаққа қолды сермеп, Сол жаққа қолды сермеп. Аяқты көтереміз,	арай, Қонақ болып барамыз. Еңбек баулуға арналған тапсырма. Үлескедегі ұсақ тастар мен таяқшаларды жинап, тазарту. Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. "Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: шашыраңқы жүгіруге, бір-біріне соқтығысып қалмай, педагогтың берген белгісі бойынша әрекет етуге жаттықтыру. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Құм ойындары. Мақсаты: балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыққан	Мақсаты: асфальт бетіне салынған ирелендеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру. Еңбекке баулуға арналған тапсырмалар - серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. Мақсаты: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. "Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны Мақсаты: шашыраңқы жүгіруге, бір - біріне соқтығысып қалмай, педагогтың берген белгісі бойынша әрекет етуге жаттықтыру. Құм-су ойындары. "Себеміз, қалып жасап шығарамыз" ойыны. Мақсаты: балалардың құмның қасиеттері туралы білімдерін кеңейту/құрғақ құм себіледі, сусылдап ағып кетеді, ал дымқыл құмнан кез - келген
--	---	--	--	---	---

		киықтарын шашып, жайып қою мүмкін. - Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, ұшасындар! Қорек іздеп жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар! "Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.	Сап түзеп жүреміз. Д. Ахметова "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.	торттарын безендіруге үйрету. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету.	қалыпты жасап шыға аламыз.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды	Көркем әдебиеттен	Санамақ	Музыкадан ойын-	"Ғажайып қоржын" дидактикалық	"Дәл осындай жапырақ тауып көр"

ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	ойын-жаттығу "Үш аю" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларды "Үш аю" ертегісімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі желісінде кездесетін заттардың қасиеттерін, кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; адам мен жабайы аңдардың қатынасында қауіп бар екенін түсіндіруге тырысу.	Бір дегенің - бас бармақ, Барлық істі басқармақ. Екі дегенің - балалы үйрек, Ақ қағазға салады ирек. Үш дегенің - ортаң терек, Еңбек етіп, болған зерек. Төрт дегенің - шылдыр шүмек, Тілі тәтті былдыр түлек. Бес дегенің - кішкене бөбек, Үлкендерден үйрене бермек. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	жаттығу "Жайма шуақ жазымыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды таныс әндердің сипатын түсініп, эмоционалды жауап беруге ынланадыру; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу, топпен ән айту қабілеттерін жетілдіру.	ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды таныс заттарды ұстап көру арқылы ажырата білуге және оларды атай білуге дағдыландыру.	дидактикалық ойыны. Мақсаты: жапырақтарды мөлшері мен пішіні бойынша ажырата білуге үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	"Жуыну әні" атты мультфильмін көру. Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға	"Жаз еді" өлеңін оқу. Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Көбелек қағады,	"Хоки-поки биі" атты мультфильмін көру. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, жаттығуларды	"Дана қуыршақты қол орамал қолдануға үйретеміз" сюжетті-дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жеке басының	"Жаз" жыл мезгілі жайында әңгімелесу (сюжеттік суреттерді қарастыру). Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым сұрақтарға жауап

	қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, музыка)	Қанатын жалауша. Ә.Ахметов (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	қайталауға ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, музыка)	заттарын қолдану дағдыларын қалыптастыру.	беруге дағдыландыру; жаз мезгілі туралы түсініктерін тиянақтау.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Жаз мезгілін жақсы көреміз бе?".				